

«Атам-Әжем – Алтын қазынам»

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шара бағдарламасы.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, қадірменді ұстаздар, ардақты ата-әжелер!

Бүгінгі күн – жүрегімізге ерекше жылылық ұялататын мереке. Бұл – бізге өмір сыйлаған, тәлім-тәрбие берген, өнегелі жол көрсеткен ардақты қарттарымыздың күні.

Бабаларымыз: «Қариясы бардың – қазынасы бар» деген. Расында да, ақылымен, өмірлік тәжірибесімен кейінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, шаңырағымыздың шырағы болған қарттар – біздің ең асыл байлығымыз.

Олай болса, қазыналы қарттарымызды бүгінгі меркемен үлкен қошеметпен құттықтаймыз! Алпамыс бөбекжай бақшасының өнер алаңына қош келдіңіздер! Бүгінгі мерекелік кешіміздің басты қонақтарын таныстыруға рұқсат етіңіздер!

1. Туреходжаева Маржанкүл – Раянаның әжесі!
2. Досымбетов Мирказы – Ұлдананың атасы!
3. Калкузова Алима – Зиннұрдың әжесі!
4. Сейдахметова Базаркүл – Еркенің әжесі!

Қош келдіңіздер құрметті ата-әжелер! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Алғашқы бүгінгі құттықтауымызды әнмен бастағымыз келіп отыр құрметті қонақтар! Қарсы алыңыздар!

Ән: «Жақсы көрем атамды,әжемді» әні. Орындайтын «Әмбебап балдырған» тобы бүлдіршіндері.

Жүргізуші: - Тамаша, көп рахмет бүлдіршіндер! Жарайсындар!Олай болса, Құрметті қонақтар, ардақты ата-әжелер! Бүгін балабақшамызда сіздермен бірге сырласып, әңгіме құрып, қызықты ойындар ойнап, көңіл көтеретін боламыз!

1-бөліміміз: - «Кел, танысайық!» деп аталады. Ата-әжелеріміз немерелерімен шығып өздерін таныстырады. Өзін, немересін, немересінің нешінші екенін, немересінің мақтан тұтар, үміт күтер қасиеттерін, мақтауларын айтып өтеді. Ал, немересі ата-әжесінің қолынан келетін тағамын немесе қолдан жасаған бұйымдарын,мысалға (менің әжем бауырсақты өте дәмді пісіреді, мен әжемді қатты жақсы көремін, немесе менің атам домбырамен әнді керемет салады, мен атама ұқсап әнші боламын т.б) мақтанып айтады 1-2 ауыз сөзбен ғана. Әр қатысушы

немересімен түскен сәлфи суретін жолдауы тиіс алдын-ала.(лэд экранға шығару үшін).

2-бөліміміз: - «Әнді сүйсең менше сүй!»

Ән-күй – қазақтың қазына байлығы,

Әуен – жүректің шаттық айдыны.

Әуенді тап, әнге қосыл, бірге айт,

Басталмақ қазір өнерлілердің сайысы.

Әуенді тап бөлімі. Белгілі, танымал әндердің әуені қойылады. Ары қарай сіздер жалғасын тауып, үзіндісін орындап берулеріңіз тиіс!

Ән: «Әжемнің шайы» әні Орындатын Ұлдана.

3-бөліміміз: - «Шебер қолдар!»

Шебер қолдар, ақылменен ұштасады,

Істеген іс – гүлдей болып құлпырады.

Ата-Әжемен немере қосылып ап,

Жасаған сый бәрімізге қуат болады.

Ата-әжелер немересімен бірге түрлі-түсті қағаздардан жапсырып немесе ермексазбен жұмыс жасау арқылы әдемі бір өз қолдарынан сыйлық жасайды. Соңында немересі оны ата-әжесіне сыйлайды!

Ән: «Атам менің» Орындайтын Жібек.

4-бөліміміз: «Ерте,ерте,ертеде» деп аталады.

Ертегілер – даналықтың кілті еді,

Әжелерім ертегі оқиық кел енді,

Қане, бүгін балалармен бірігіп,

Ертегіні кім әдемі жеткізеді?

Бұл бөлімде ата-әжелер немерелеріне шағын ертегі оқып беретін болады. Немересіне жай ғана оқып бермей, театр түрлерімен, дауысын келтіріп, рольге еніп оқып беруі тиіс. Театр түрлері алдарына жеребе ретінде ұсынылады карточкамен. Карточканы таңдау арқылы театр түрін таңдайтын болады.

Жүргізуші: - Көп рахмет құрметті ата-әжелер! Сіздер бүгін ерекше өнер көрсетіп, бізге шаттық сыйладыңыздар. Сіздердің тапқырлықтарыңыз, ақылдарыңыз, мейірімдеріңізбен таңғалдырдыңыздар. Немерелеріңізбен бірге сахнаға шығып, ойнап-күліп, бізге өнеге көрсеттіңіздер. Бүгінгі кештің көркі болған – сіздерге бар қошеметіміз арналады! Олай болса, бүлдіршіндеріміздің жүрекжарды өлең жолдарын қабыл алыңыздар!

Ислам:

Менің әжем, жыр әжем,

Шуағы мол нұр әжем.

Ақ таяққа сүйеніп,

Аман - есен жүр әжем.

Ерали:

Ата үлкен кәріміз,

Қуат берген дәріміз.

Әуелете аялап,

Ардақтаймыз бәріміз.

Ерке:

Шай ішетін қоюлап,

Жақсы көрем атамды.

Сырмақ сырған оюлап,

Жақсы көрем әжемді.

Асылжан:

Менің әжем, ақ әжем,

Ұл мен қыздың бағы әжем.

Ертегі айтып бер десем,

Айтып береді тағы әжем.

Ұлдана:

Әжем менің шешіре

Көп ертегі біледі

Сыртта жүрген кезінде

Бізді ойлап жүреді

Шыңғыс:

Менің әжем ақ әжем
Ақ жаулықты жан әжем
Ақыл айтқан дан әжем
Ертегісі дар әжем

Аяла:

Күлімдеген көзіңнен
Айналайын атажан
Не үлкен сый бар бізге
Өзің берген батадан

Алихан:

Ақыл құйған санама,
Күннен де артық расында.
Күн алыста, ал әжем,
Ылғи менің қасымда.

Ілияс:

Ақ жаулықты әжемді
Ай - нұрына теңедім
Әр ісінен үлгі алып
Еркін өсіп келемін

Қасымхан:

Гүл - гүл жайнап бәріміз
Кірді біздің сәніміз.
Қарттарымызды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз.

Дияр:

Атамыз-біздің панамыз,
Атамыз-біздің данамыз.
Атадан ақыл аламыз,
Атадай адам боламыз.

Жібек:

Жақсы ісімді мақтан қылып,
Жамандықтан сақтандырып.
Жүрген алтын ақ әжемді.
Жүрсем деймін шаттандырып.

Бақдаулет:

Атам менің әманда
Әдепті жан бол деген
Атам сөзі санамда
Жасы үлкенге жол берем
Алдын орап кісінің
Кесіп өтпе көлденең
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп қол берем.

Е.Райана:

Әже біздің күніміз,
Әженің біз гүліміз.
Бар баланы қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.
Даулет: Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Шөлдедің бе дана әжем.

Томи:

Ата күні - әже күні әлем күні
Әлемде теберінділер ақылды үні
Әжесіз жан туған жоқ жер бетінде
Ұғып ал бөбектерім сендер мұны

Зиннұр:

Бесігіме бөлеп алып,

Сен тербетсең қалғимын.

Жүрегіме сіңіп жатыр,

Сенің айтқан әлдиің.

Әзиза:

Мейірімді апалар

Балалар кеп бата алар

Қалтасына кәмпит сап

Немереге апарар

Жүргізуші: Қадірлі қонақтар, ардақты ата-әжелер!

Бүгінгі кешіміз сіздерге қуаныш сыйлады деп сенеміз. Сіздер – біз үшін сарқылмас қазына, ақылдың дариясы, мейірімнің бұлағысыздар. Қарттар күні құтты болсын! Ата-әже – отбасының берекесі, ұрпақтың тірегі. Сіздер – шаңырақтың шырағы, өмірдің қазынасы, немере-шөберелеріңіздің ақылшысысыздар. Бүгінгі Қарттар күніне арналған кешіміз сіздерге шаттық сыйлап, жүректеріңізді жылытты деп ойлаймыз.

Бүгінгі кешке қатысқандарыңыз үшін алғысымызды қабыл алыңыздар!

Алғыс хат және де сыйлықтар таратылады.

Алда күтіп тұрған әрбір күндеріңіз бақыт пен қуанышқа толы болсын. Ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, аман-есен жүре беріңіздер!

Біз сіздердің алдарыңызда бас иіп, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, қуанышты күндер тілейміз!

Кешімізді осындай өлең жолдарымен аяқтағым келіп отыр.

Асыл қазына – аталар мен әжелер,

Өмірдің әр кез қадірін де бағалар.

Ұрпағыңыз аман болып шат қылсын,

Қарттар күні құтты болсын, ағайын!

Келесі кездескенше, қош сау болыңыздар!



1-бөлім: «Кел, танысайық!»



2- бөлім: «Әнді сүйсең менше сүй»



3-бөлім: «Шебер қолдар»



4-бөлім: «Ерте, ерте, ертеде..»





Бүлдіршіндерден эн шшу және мерекеге арналған ыстық лебіздері.



Зиннурдың әжесінен ән шашу.



Ұйымдастырушылар атынан «Алғыс хат» пен сыйлық. Марапаттау сәтінен.



Ата-әжелерімізден ұжымға деген ізгі тілектері мен алғыстары.



Мерекеге арналған ортаңғы топ тәрбиеленушілерінен құттықтау қабырға газеттері.



